

САРАПТАМА

Сауда соғысы:
ГЕОСАЯСИ ТЕКЕТИРЕС

Қытай жеке бизнесті
барынша қолдамақ

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №20 (6582) 4 наурыз, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ – 80

ЖАҒАНДЫҚ ҮМІТ ҮЙІ

Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болғанына 33 жыл толды

Биыл БҰҰ-ның 80 жылдық мерейтойы әлем бойынша атап өтілуде. Ал 2 наурызда Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болғанына 33 жыл толды. Осыған орай кеше, Алматыда «Бейбітшілік пен жасампаздық жолындағы ынтымақтастық: Қазақстанның БҰҰ-ның құрамына кіруінің 33 жылдығы және БҰҰ-ның 80 жылдығы» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

ҚР Сыртқы істер министрлігі мен БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы Тұрақты өкілдігі ұйымдастырған халықаралық басқосуды БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық коммуникациялар Департаментінің өкілі Властимил Самек жүргізді. Ол БҰҰ-ның 80 жылдық мерейтойымен қатар Қазақстанның ұйымға мүше атануының 33 жылдығымен құттықтады. Әрі Қазақстанның әлемдік қауіпсіздік пен бейбітшілікке үлесі орасан зор екенін атап өтті. Жиынға еліміздің бұрынғы Сыртқы істер министрі, БҰҰ жанындағы Қазақстанның алғашқы Тұрақты өкілі Ақмарал Арыстанбекова және Қазақстанның Алматы қаласындағы СІМ өкілі Жәнібек Абдрашов қатысты. Бұдан бөлек, шетелдік беделді дипломаттар мен халықаралық ұйым басшылары қатысып, сөз сөйледі.



Қолжазды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

«ОҢАЙ АҚША БОЛМАЙДЫ»


Интернет-алаяқтардан сақ болыңыз...

Алматыда интернет-алаяқтық деңгейі бойынша өткен жылы 2000-нан астам қылмыстық іс тіркеліп, оның 800-ге жуығы, яғни 35-40%-ы ашылған. Ал биыл жаңа жыл басталғалы екі айдың ішінде 400-ден аса интернет-алаяқтық тіркелген.

Интернет өміріміздің ажырамас бөлігіне айналғалы қарапайым хат алмасудан бастап, банк төлемдері, сауда-саттық, т.с.с. барлығы онлайн-қызметке көшті. Заманның талабы, әрине. Бірақ алаяқтар бұл қызметті өз пайдасына асырып, адамдарды сан соқтырып кетудің түрлі айласын ойлап табуда.

ҚОҢЫРАУДАН ҚҰТЫЛА АЛМАЙ ЖҮР

Алматылық Азамат (есімі өзгертілді) әлеуметтік желідегі «Каспий Профит» деген жарнаманы көзі шалып қалады. Жарнамада «тәулігіне 50 000 теңге табыс табудың оңай жолы» көрсетілген еді. «Елдің бәрі интернет арқылы қосымша табыс тауып жүр екен. Мен де көрейінші...» деп қызығып, жарнаманың төменгі жағындағы «Подробнее» батырмасын басып, аты-жөнін, байланыс нөмірін қалдырады.



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

4.03.2025

Түнде:

-6-8 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:

0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

5.03.2025

Түнде:

-7-9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

6.03.2025

Түнде:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





Сауда соғысы:

ГЕОСАЯСИ ТЕКЕТИРЕС

Қытай жеке бизнесті барынша қолдамақ

2025 жыл әлемдік саясаттағы маңызды кезеңнің бастауы. Жаңа кезеңнің басталуына Дональд Трамптың АҚШ тізгінін ұстауы түрткі болды. Ол билікке келісімен, ағылшын ғалымы Томас Гоббстың «бәрінің бәріне қарсы соғысы» заманы келгенге ұқсайды. «Мемлекет» осы соғысты реттеу үшін адамдардың арасында «қоғамдық келісім» арқылы пайда болды дейді ғалым. Қазір де тура сондай жағдай. БҰҰ жаһандық хаосты реттеуге қауқарсыз. Трамп бәрімен араздасып жатқанда Қытай геосаяси текетіреске кіріспей, ішкі әлеуетін күшейтпек.

Қытайды қандай сынақ күтіп тұр?

2025 жылы 17 ақпанда Бейжіңде маңызды сирек кездесу өтті. Елдің ішкі саяси ерекшелігіне байланысты кездесу жайлы ақпарат ашық тарамады. Соған қарамастан, онда кімнің қатысқаны туралы мәлімет белгілі. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин қытайлық ірі бизнес басшыларымен кездесті. Қытайдың саяси, мемлекеттік идеологиясы – «коммунизм». Сондықтан партия мен жеке сектор арасындағы қарым-қатынас күрделі. Билік пен бизнес сирек кездесу өткізеді.

Бұған дейінгі кездесу 2018 жылы өткен еді. Ол кездесуді ұйымдастырудағы мақсат АҚШ-тың сауда соғысына қарсы билік пен бизнестің әлеуетін жұмылдыру болатын. Сол сынақтан қытайлық бизнес сүрінбей өтті. Тіпті, күшейіп бәсекеге қабі-



(Дереккөз: Reuters.com).

летті бола түсті. Қазір де Қытайды осындай сынақ күтіп тұр. Бірақ қазір сауда соғысы алдыңғы текетірестен де жойқын болмақ.

Қытай Трамптың алғашқы президенттік мерзімінде ашық текетіреске түспеді. Шабуылға емес қорғанысқа мән берді. Себебі, әлемдік державаға қарсы ашық қарсы тұра алмайтынын біледі. Сондықтан осындай тактика ұстанды. Қазір де Қытайдың технологиялық жетістігіне қарамастан, ішкі әлеуметтік-экономикалық мәселелер бар. Ішкі мәселелерді ретке келтірмей ашық текетіреске түспейтіні анық.

Бұл жолы да Трамптың әкімшілігі жүргізіп жатқан агрессивті сыртқы саясатқа шабуылмен емес, қорғаныс арқылы

жауап беруі мүмкін. Әлемдегі геосаяси текетіреске де кіріспейді. Бейтарап сыртқы саясат ұстанып, халықаралық құқықтардың сақталуын талап ете бермек. Бейжің ЖИ саласын құқықтық реттеу керегін мәлімдеп, Еуроодақтың позициясын қолдады. АҚШ-тың ұстанып отырған импортқа үстеме салық саясатын ЕО секілді айыптап отыр. Кейбір сарапшылар бұл қадамдар ЕО – Қытай арасын жақындата түсуі мүмкін екенін болжауда. Украина мен Ресей арасындағы қақтығысты келіссөз арқылы екі тараптың қатысуымен реттеу керегін мәлімдеді. Мұндай позиция арқылы Брюссельмен де, Мәскеумен де қарым-қатынасты жақсарту түспек.

Сыртқы саясатта бейтараптық ұстанса, ішкі саясатта бизнеспен байланысты жақсартуда. Ойымызды билік пен бизнес арасындағы соңғы кездесу дәлелдеп отыр.

Билік пен бизнес арасында жылымық байқалады

Дүйсенбіде өткен кездесуге ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин бастаған бір топ партиялық шенеуніктер мен ірі бизнес басшылары қатысты. Кездесу билік пен бизнес арасындағы жылымықтың белгісі. 2018 жылғы кездесу екі тарап арасын біраз жақындата түскен. Алайда, Трамп сайлауда жеңіліп, сауда соғысы аяқталды. Бұдан кейін билік бизнеспен байланысты үзе бастады. Тіпті, оны өз ырқына көндіруге тырысты. Мысал ретінде ірі бизнесмен, Alibaba Group-тың негізін қалаушы Джек Ма мен билік арасындағы байланыстың нашарлауын айтуға болады.

2020 жылы Бейжің Джек Маға қарсы қысымды күшейтті. Саяси қысымға төтеп бере алмай бизнесмен шетел асып, Токиоға тұрақтады. Сол жылы желтоқсанда антимонополиялық орган Alibaba-ға қарсы тергеу бастады. Міне, содан бері Джек Ма әлеуметтік желі мен қоғамдық ортада көрінбей кетті. Бірақ биыл Си Цзиньпинмен кездесуге қатысты. Бұл билік пен бизнесмен арасындағы кикілжіңнің аяқталғанын білдіреді. Батыстық басылымдар Қытайдың Төрағасы мен Джек Маның қол алысқан суретін таратты.

Кездесуге Джек Мадан басқа Huawei компаниясының негізін салушы Жен Шенфей, BYD басшысы Ван Чунфу, сондай-ақ Tencent, DeepSeek басшылары қатысты. Онда Си Цзиньпин жеке секторға барынша қолдау көрсетілетін екенін мәлімдеді. Қытай билігі мұндай қадамға не үшін барды?

Себебі, АҚШ-тың технологиялық алыптарына қарсы күресте ірі бизнестің көмегіңсіз жеңіске жету мүмкін емес екенін билік түсініп отыр. Бәсекелестікте Қытайдың жеңіске жету мүмкіндігі бар. Алайда, билік Дэн Сяопиннің жолын жалғастыра ала ма? Мұны уақыт көрсетеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ГЕОСАЯСАТ

«ҰЖЫМДЫҚ БАТЫС» МИССИЯСЫ

Еуропалық елдер басшылары халықаралық қауіпсіздік мәселелерін талқылауға жиналды

Ақ үйдегі В.Зеленский мен Д.Трамптың сәтсіз кездесуі соғыс жақында аяқталады деген сенімге селкеу түсірді. Әлем В.Зеленскийдің АҚШ-қа сапарынан жаһан жұрты маңызды мәлімдемелерден бөлек, нақты шешім күткен. Украина президенті В.Зеленский ресми сапарын шорт кесіп, Британ империясының мұрагері саналатын Англияға табан тіреді.

Қазірге бізге белгілісі – Америка Құрама Штаттарында биліктің бағыты толықтай өзгеріп, саяси шешім қабылдауда әсіреоңшыл, ұлтшыл бағыттағы саяси арнаға ауысқан. Тек президент Д.Трамп қана емес, вице-президент Д.Венстің де саяси таным жүйесі XX ғасыр басындағы Еуропадағы ұлтшылдық бағытқа ұқсас сарында дамуда. Мақаламызда Украинада бейбітшілікті қайта қалпына келтіруде Еуропа елдерінің бірлігі мен болашаққа көзқарасының қаншалықты үйлесімді екенін талдап көрелік.

- В.Зеленскийдің Ақ Үйдегі келіссөзінің күтпеген нәтижемен аяқталуы Украинаны «алыптар арасында жалғыз» қалғанындай әсер қалдырып еді. Оның тұманды альбионға сапары, Украинаның қауіпсіздігі – Еуропа қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі екенін көрсетті.
- 2016 жылғы Брексит соңғы жылда-

ры ЕО аймағында популистік саясаткерлердің артқанын, Еуропа идеясының дағдарысын көрсеткен еді. Украинада бейбітшілікті қайта қалпына келтіру мақсаты Еуропа елдерін біріктіруде.

- Саммит қорытындысы бойынша, Франция мен Англия елдері Украинамен бірлесіп, келесі аптада «бейбітшілік жоспарын» Д.Трампқа ұсынатын болады.
- Украинаға беріліп келген, АҚШ әскери қолдауын енді Франция және Англия елдері толықтыратын болады.
- Еуропада 84 000 АҚШ әскері НАТО аясында жұмыс жасауда.

НАТО тұтас аймақ қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма?

Жексенбі күні Лондонда өткен арнайы саммитке жиналған еуропалық көшбасшылар мен Канада премьер-министрі Д.Трюдо қалай болғанда да Америка Құрама Штаттарымен конструктивті байланысты қайта қалпына келтіру маңызды екеніне баса тоқталды. Ал Украинаның территориялық тұтастығы мен қауіпсіздігінің бекем болуына Англия мен Франция бірлесіп, тұтас Еуропа елдерін бірігуге шақырды. Әдетте, соңғы отыз жылда халықаралық саясатта «ұжымдық Батыс» деп НАТО елдері мүшелеріне қаратып, көптеген маңызды мәселелерде Америка мен Еуропа елдерінің ұстанымы бірге қаралатын. Лондонда өткен саммит трансатлантикалық сипатта өтуден гөрі, Еуропа қауіпсіздігінің болашағын анықтайтын жиын болды.

Еуропалық саясаткерлердің Мюнхен қауіпсіздік конференциясынан кейін Парижде, В.Зеленскийдің Вашингтонға сапарынан кейін Лондонда саммит өткізіп, Еуропа қауіпсіздігінің болашағына алаң-

дауы – біздіңше, НАТО-ның Еуропалық біртұтастықты қамтамасыз етудегі ықпалының әлсірегенін көрсетеді. В.Зеленский сұхбаттарында үнемі «Украина қауіпсіздігі – Еуропа қауіпсіздігі» деген нарратив аясында пікірін ашық білдіруі де АҚШ пен Еуропаның қауіпсіздік бойынша құндылықтарының бөлек екендігін көрсетеді. Украинада бейбітшілікті қалпына келтіруде АҚШ-тың ұстанымының күрт өзгеруі негізгі шепке Еуропа елдерінің шығуына мәжбүрлеуде. Себебі, соғыс нақты Еуропа құрлығында өтуде.

Еуропалық Одақ елдеріне қауіп қайдан?

Украина мен Ресей арасындағы 2014 жылы басталған саяси байланыстың күрделенуінде Еуропа елдері бейтарап қарап келген жоқ. Тіпті, белгілі 2015 жылғы Нормандия келісімі мен кейінгі Минск келісімдерінің жүзеге асуында Германия мен Франция бейсенді рөл атқарған еді. Расында да, Еуропалық Одақ елдері Грузияны, Украинаны, Молдованы және Балтық теңізі бойындағы елдерді Ресеймен қауіпсіздік балансын сақтауда басты «қақпа» ретінде қарастырады. Сондықтан бұл жолғы кез келген келісімді Украинаға Батыс тарапынан қауіпсіздік кепілдігін берумен аяқтауға деген ұмтылыс байқалады. Лондонда өткен саммиттің басты қорытындысы ретінде Еуропа елдерінің бірыңғай шешімі алғаш рет Украинаға әскер жіберу бойынша келіссөздердің басталуы болды. Екіншіден, Ресейге қарсы жаңа экономикалық санкциялар пакеті дайындалмақ. Лондон саммитінің ізін ала, бейсенбі күні Брюссельде Еуропалық комиссия 2025 жылға арналған қауіпсіздік саласындағы нақты бағдарламаны жариялайды. Аталмыш бағдарламада Еуропалық комиссияның Украинаға қатысты ұстанымы нақты көрсетіледі.

Дипломатия неліктен әлсіздік танытуда?

XX ғасырдың II жартысынан бастап белсенділігін арттырған көпжақты дипломатия XXI ғасырдағы саяси мәселелерді шешуде әлсіздік танытып отыр. Таяу Шығыстағы соңғы нүктесі қойылмаған дағдарыстар, Қиыр Шығыстағы қауіпсіздік дипломмасы және Украина төңірегіндегі геосаяси қақтығыстар көпжақты дипломатияның символы болған халықаралық ұйымдардың ықпалының жоқтығын айқын көрсетіп отыр. Өкінішке қарай, БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың ықпалы мен жаһандық саясаттағы әлеуеті артпаса, алдағы уақытта мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды шешу одан әрі күрделене түспек.

Халықаралық институттардың ықпалын арттырудың бірден-бір тиімді жолы – «орта держава» статусындағы елдердің жаһандық мәселелердің шешімін табудағы рөлін күшейту. Ірі держава статусындағы елдер үшін әлемдік саясат – мүдделер тартысы мен күшке негізделген реалистік әлем. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арқа-шан мәлімдеп отыратынындай, әлемдегі әрбір саяси текетірес тек дипломатия арқылы шешімін табуы тиіс. Себебі, тарихтан білетініміздей, кез келген соғыс соңында келіссөз арқылы аяқталады. 2045 жылы БҰҰ құрылғанына 100 жыл толады. Аталмыш датаға дейін бұл халықаралық ұйым толық реформадан өтіп, жаһандық саясаттағы күрмеулі мәселелерді шешуде белсенділік танытпаса, саяси қақтығыстарды реттеу одан әрі қиындай бермек.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ – 80

ЖАҢАНДЫҚ ҮМІТ ҮЙІ

Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болғанына 33 жыл толды

(Басы 1-бетте)

БҰҰ – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, өзара ынтымақтас-тықты дамыту мақсатында құрылған халықаралық ұйым.

Қазақстан өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясының пленарлық отырысында бірауыздан Біріккен Ұлттар Ұйымының 168-і мүшесі болып қабылданды. Пленарлық отырыстан кейін Қазақстанның Көк Туын БҰҰ штаб-пәтерінің алдында салтанатты көтеру рәсімі өткізілді. Осылайша еліміздің егемендігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі халықаралық тұрғыдан танылды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке кірген алғашқы күннен бастап, Қазақстан оның жұмысына белсенді түрде қатысып келеді. 1993 жылы 16 ақпанда елімізде БҰҰ-ның іс жүзінде барлық мамандандырылған мекемелерінің, өңірлік комиссияларының мүшесі болып табылады. Биыл Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып қабылданғанына 33 жыл толып отыр. Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бері әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау ісіне үлкен үлес қосуда. Мысалы, Ядролық қарудан бас тарту, Азияда өзара сенім шараларын орнату, Еуразия кеңістігінде интеграциялық үрдістерді нығайту, өркениеттер мен діндер үнқатысуын шақыру – осының барлығы біздің еліміздің БҰҰ Жарғысының ұстанымдары мен мақсаттарына сәйкес атқарған істерінің нақты көрінісі болып табылады. 1945 жылы құрылғаннан бері БҰҰ халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, адам құқықтары мен тұрақты дамуды ілгерілетудің негізгі тетігі болып табылады.

АЛМАТЫ – КӨПЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2018 жылы 23 қазанда Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымы үйінің тұсаукесері өтті. Жоғары халықаралық стандарттар мен қауіпсіздік талаптарына жауап беретін кеңсенің ашылуына дипломатиялық корпус пен БҰҰ-ның 14 аймақтық өкілдігінің өкілдері қатысты. Бұл ғимараттың ресми ашылу рәсімі 2019 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтті. 2023 жылы ақпанда Алматыдағы БҰҰ ғимараты UN Plaza деп аталды. Жалпы, Алматыда 29 консулдық және сауда өкілдіктері бар, 60-тан астам ірі трансұлттық ұйымдардың кеңселері орналасқан.

Алматыны көпжақты ынтымақтастықтың өңірлік орталығы деп атауға болады. Алматыдағы

халықаралық ұйымдардың ғимаратында аймақтық және су-бөңірлік мәртебесі бар БҰҰ-ның 18 агенттіктерінің кеңселері орналасқан. Олар: БҰҰДБ, ЮНЕСКО, ЮНЕП, ЮНИСЕФ, ЮНФПА, ЮНЕЙДС және т.б. Сонымен қатар, қалада басқа да халықаралық ұйымдар мен дипломатиялық корпус өкілдері бар. Қаланың БҰҰ-ның аймақтық хабы ретіндегі мәртебесі одан әрі нығаюда.

2024 жылы шілде айында БҰҰ-ның Бас хатшысы Антониу Гутерриш Қазақстанға келіп, Алматыда және Астанада болды. Ол БҰҰ-ның Алматыдағы кең-

тамасыз етудегі маңызды рөлін атап өтті. Сонымен қатар, өзінің сапарын БҰҰ-ның Қазақстанға көрсетіп отырған ынтымағы мен қолдауының көрінісі деп санайтынын білдірді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – қазіргі заманның басты және ең күрделі проблемаларының бірі. Біз бүгінгі күні адамзат үшін аса маңызды кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Әлем геосаяси қайшылықтар

ететін қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешуге арналған алаң ретінде қызмет етеді.

БҰҰ көптеген жаһандық мәселелерді шешетін әлемдік аренадағы ең ықпалды ұйымдардың бірі. Бұл өз кезегінде мемлекеттердің саяси ғана емес, экономикалық процестерінде де көрініс табады. БҰҰ – қақтығыстарды бейбіт жолмен реттейтін, әлем халықтарын достық қарым-қатынастарды дамытуға ынталандыратын, бейбітшілікке төнетін қатерлердің алдын алатын ұйым. Бітімгершілік – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ілгерілету және сақтау үшін БҰҰ-

ларға көмек көрсету, қамқорлық жасау өскен, өркендеген, елдіктің игілікті сипаты орын алған мемлекетке тән. Қазақстан Республикасы алғашқы қадамдарынан-ақ өзінің бейбітшіл бағытын берік ұстанумен қатар, басқа елдердегі баяндылыққа да назар салуды, керек жердің бәрінде көмегін беруді ұдайы есте ұстап келеді. БҰҰ-ның бітімгершілік ұстанымын қолдайтын мемлекет ретінде Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы шағынан-ақ қарулы көмек қажет етілген елдерге қол ұшын созуға кіріскен болатын.

Қазақстан Ұйымның бітімгершілік қызметін және оның бітімгершілік әлеуетін нығайту жөніндегі күш-жігеріне қолдау көрсетіп отыр. Қазақстандық бітімгершілік батальоны (Қазбат) құрылып, осы батальон сарбаздары бірнеше елде тұрақтандыру күштері қатарында қызмет көрсетті. Біздің алғашқы көмектескен еліміз – Тәжікстан болды. Тәжікстанда 1992 жылы басталған азамат соғысы – постестік кеңістіктегі ең қанды қырғындардың бірі. 1992 жылдың 11 қарашасында күрделі ахуалға орай, Тәжікстанның Жоғарғы Кеңесі ТМД елдеріне республикаға бітімгерлік күштерін енгізу туралы өтініш жолдады. Қазақстан батальоны тәуелсіз мемлекеттердің басқа да бөлімшелерімен бірге тәжік жерінде бейбітшілік орнатуға ықпал етті. Қазақстандықтар Ирактағы операцияларға да қатысты. Олардың 4 миллиондай жарылғыш затты жойғанын айтудың өзі жеткілікті. Батыс Сахараға, Кот-д'Ивуарға, Ливанға жіберілген әскери топтар да өз қызметтерін абыроймен атқарды. Парламенттің «Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі туралы» Заң қабылдауы – мемлекеттің бұл іске қандайлық мән беретінін айғағы.

«ШЫҰ плюс» саммитінде сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның қазіргі әлемдегі рөлін атап өтіп, бұл ұйымға балама жоқ екенін және оның әлеуеті сарқылмағанын айтты. Мемлекет басшысы атап өткендей, «Біздің ортақ мақсатымыз – ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне қарсы тұруға қабілетті жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты институты ретінде БҰҰ-ның рөлін күшейту», «тұрақтылықты тек ұжымдық күш пен парасатты дипломатия арқылы қамтамасыз етуге болады». Осы орайда биыл 80 жылдық мерейтойы атап өтілетін БҰҰ-ға үлкен үміт артылып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының үні қазіргі заманғы жаһандық әртүрлі мәселелер бойынша шоғырландырылған ұстанымды алға жылжыта отырып, халықаралық аренада бұдан да күштірек естілуі керек және естілетін болады деген сенімдеміз.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ның қолжетімді ең тиімді құралдарының бірі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІТІМГЕРШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған БҰҰ-ның әлемдегі бейбітшілікті сақтауға бағытталған экономикалық және саяси сипаттағы іс-шаралары жеткіліксіз болып шыққанда қолданылатын бітімгершілік күштері жасақталған. Бұл бағытта БҰҰ көп іс тындырды. 1948 жылдан бастап әлемнің 130 елі БҰҰ аясындағы бітімгершілік операцияларына өздерінің әскерилері мен полициясын жіберіп келген. БҰҰ-ның бітімгершілік күштеріне 1988 жылы бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығы берілгені баршаға мәлім. Бұл қантөгісті, қақтығысты тоқтатудың, тым құрыса уақытша толас таптырудың басты жолы – жауласқан жақтарды жарастыруға тырысу, сөйтіп, келісімге келуге жағдай жасау екенін көрсетеді.

Өз елінің қамымен ғана қаламай, өзгенің де жоғын жоқтай жүру, қолдан келгенінше басқа-

сесіне барды. Содан соң Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысу үшін Астанаға келді. Міне, осы келісінде «Қазақстан – бейбітшілік үшін дәйекті күрестің жарқын үлгісі. Сіздің ел әрқашан «көпір салушы», бейбітшілік елшісі, бірігу ісінде өте қиын жағдайларда келістіруші болды. Астана көптеген бітімгершілік бастамалардың орталығы болып табылады, оның ішінде Сирия бойынша Астана үдерісін атап кету керек. Астана әрқашан бейбітшілік алаңы болды, Қазақстанның орасан зор моральдық беделі бар. Сіздер ядролық қарусыздану саласындағы көшбасшысыз және басқа да көптеген салаларда бейбітшілікті жақтайтындарыңызды көрсеттіңіздер» деп айрықша баса айтты БҰҰ-ның Бас хатшысы.

Антониу Гутерриш Астананың Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалығын жоғары бағалады. Ол Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформаларды қызу қолдайтынын, сондай-ақ еліміздің жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қам-

күшейіп келе жатқан жаңа кезеңге тап болып отыр. Тәртіп пен жауапкершілікке негізделген әрі бұрын қалыптасқан халықаралық жүйенің орнын хаос пен болжауға келмейтін жағдай басып отыр. Тежемілік және тепе-теңдіктің жаһандық жүйесі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қала алмады. Қауіпсіздік архитектурасы келмеске кетіп барады. Әлемдік алпауыттар арасындағы өзара сенімсіздік жылдам арта түсті. Әлем жаңа әскери қақтығыс ошақтарының құрбанына айналды. Біз екі буыннан кейін алғаш рет ядролық қарудың қолданылу қаупімен бетпе-бет келіп тұрмыз. Халықаралық ахуал өте күрделі.

Міне, осындай жағдайда бар үміт, көптің сенімі – халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтау және нығайту және елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған мемлекеттердің халықаралық ұйымы – Біріккен Ұлттар Ұйымында. Бүгінде әлемдегі ең беделді және әмбебап бұл ұйымға 193 мемлекет кіреді. БҰҰ ең ірі халықаралық ұйым бола отырып, ұжымдық реттеуді қажет

1 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

ҚАУІПСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

1 наурыз – елімізде Алғыс айту күні. Соған қоса, Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні. Осыған орай Алматыда азаматтық қауіпсіздікке арналған көрме ұйымдастырылды.

Іс-шаралар аясында Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Алматы қаласының құтқару қызметімен және ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшелерімен бірге «Астана» алаңында өрт сөндіру, құтқару және басқа да арнайы құрал-жабдықтардың көрмесін өткізді.

Көрмеге келген алматылықтар қаланың авариялық-құтқару күштерінің мүмкіндіктерімен, құтқару және медициналық техника мен жабдықтарымен танысты. Сондай-ақ, алаңда медицина қызметкерлері мастер-класс өткізіп, ашық түрде дене жарақаттары бар адамдарға қалай көмек көрсетілетінін көрсетті.

– Демонстрациялық көрме – азаматтық қорғау және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру саласындағы білімді насихаттау мақсатында ұйым-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

дастырылады, сондай-ақ қала тұрғындарын құтқару қызметтері мен құралымдардың мүмкіндіктерімен таныстыру үшін өткізіледі, – деді көрме ұйымдастырушылары.

Көрменің басты ерекшелігі ретінде жер сілкіністерінің симуляторы қойылды. Бұл құрылғы жер сілкінісінің көлденең және тік дүмпулерін ұқсататын үй бөлмесінің макетінде көрсетілген. Оған қоса, қала тұрғындары мен қонақтары 90 метр биіктіктен адамдарды құтқаруға арналған Қазақстандағы ең биік көтергішті тамашалай алды.

Айта кеткен жөн, Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) Бас Ассамблеясының шешімімен 1990 жылдан бастап 1 наурыз күні Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні болып атап өтеді. Қазақстан Республикасы 1996 жылы ХАҚҰ мүшелігіне кіріп, халықты, аумақты және шаруашылық жүргізу объектілерді табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мәселелерін шешу бойынша халықаралық деңгейде белсенді ынтымақтас-тықты жүзеге асырады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕКЕТТЕРДЕ КӨЛІКТЕР ТЕКСЕРІЛДІ

Экологиялық қауіпсіздік мәселесінде экопосттардың маңызы зор. Қоршаған ортаның ахуалын жақсарту үшін «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында «Таза ауа» науқаны жалғасын тауып келеді. Өткен демалыс күндері полицейлер экопостармен бірге бірнеше көлікті тексеріп, экологиялық талапқа сәйкес келмейтін көлік жүргізушілеріне әкімшілік хаттама толтырды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Мониторингтің мақсаты – көліктердің зиянды шығарындыларын азайтып, экологиялық стандартқа сәйкестігін қадағалау. Алматыға кіретін көліктерді тексеру үшін 19 экологиялық пост орнатылған. Ауа сапасын бақылау үшін мұндай нысандардан бөлек, тағы 3 жылжымалы экологиялық бекет жұмыс істейді. Экобекеттердегі мобильді құрылғылар ауа сапасын бақылап, экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қолданылады. Экологтар арнайы қондырғымен бір сәтте көліктен бөлінген газдың кө-

лемін анықтайды. Бекеттер қаланың кіреберіс жолдарында, маңызды көлік тораптарында және ластану деңгейі жоғары аймақтарда орналасқан.

2023 жылы экопосттарда Алматы қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері 25 728 әкімшілік хаттама рәсімдеді. 2024 жылы жүргізілген 204 996 өлшеу нәтижесінде, 34 708 автокөліктің (немесе 17%-ының) белгіленген уыттылық және түтінділік деңгейінен асып кеткені анықталды. Осыған байланысты 31 682 әкімшілік хаттама толтырылған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абдухамит АМАНҚҰЛ,
аға эколог:

АУА САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ ЖОЛЫ

«Таза ауа» акциясы аясында 2024 жылы жылжымалы экопосттар қала аумағында 1197 өлшеу жүргізді. Оның ішінде 239 дизельді, 958 бензин-газбен жүретін автокөлік тексерілді. Нәтижесінде 552 автокөліктің (яғни тексерілгендердің 46%-ының) белгіленген нормаларды бұзғаны анықталды. 466 автокөлікте көміртегі тотығының (СО) мөлшері рұқсат етілген деңгейден жоғары, 86 автокөлікте түтінділік деңгейінің артқаны тіркелді. Жылжымалы экопосттар аталған заңбұзушылықтар бойынша 20 мемлекеттік тіркеу нөмірін уақытша тәркіледі. Қазіргі уақытта 12 автокөлік ақауларын жойып, қайта тіркеуге алынды. Экопосттардың оң нәтижесі – уыттылық және түтінділік нормаларын бұзатын автокөліктер санының азаюы. 2020 жылы бұл көрсеткіш 20%-дан астам болса, 2024 жылы шамамен, 17%-ды құрады.



ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ АКЦИЯ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Алматыда «Таза Қазақстан» акциясы аясында тазалық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Бұл іс-шара қаланың көркіне жауапты қызметкерлердің еңбегін айшықтап, көшелердің, аялдамалардың, арықтардың тазалығын сақтауға бағытталған.

Ернұр
РЫСБАЙ

Қала тазалығы үшін маңдай терін төгіп жүрген жандардың бірі – Асқар Алдабергенов. Ол 2011 жылдан бері «Алматы тазалық» МКК-да тазалық шебері болып қызмет етіп келеді. Күнделікті жұмысының негізгі мақсаты – көшелерді қоқыстан тазартып, жаяу жүргінші жолдары мен аялдамалардың күтімін қадағалау.

«Қыста қар мен мұзға себілген құм аралас қоспаны жинау – маңызды жұмыстардың бірі. Бүгінде дәл осы жұмыстар жүргізілуде. Біздің бригаданың құрамында 16 адам бар. Олармен бірге көшелерді, аялдамаларды тазалап, жол жиектерін сыпырып, қалдықтарды шығарамыз. Сонымен қатар, арнайы техника да жұмылдырылды. Оның ішінде трамбовочный погрузчик, самосвал және Дулева деп аталатын шаңсорғыш техника бар. Соңғы-



сы көшедегі ұсақ қоқысты жылдам әрі тиімді сору арқылы тазалық деңгейін арттыруға көмектеседі», – дейді Асқар Алдабергенов.

Жаз мезгілі жақындаған сайын жұмыстар да көбейе түседі. Алда шөп шабу, арықтарды тазарту, тротуарларды жуып-тазалау жұмыстары тұр.

«Біздің жұмысымыз – қаланың бетбейнесін сақтауға тікелей әсер етеді. Тазалық – тек біздің емес, әрбір тұрғынның жауапкершілігінде болуы керек. Қала таза болса – тұрғындарға да жайлы, балаларға да қауіпсіз. Сондықтан тұрғындардан сұрарымыз – қоқысты арнайы орындарға тастап, тазалықты сақтауға атсалысу», – деп түйіндеді өз сөзін тазалық қызметкері.



ПРЕСС-ТУР

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – АЛМАТЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Республика алаңы мен Әл-Фараби даңғылы бойындағы апаттық жағдайдағы ағаштар орнына биіктігі 6 метрден асатын ірі өлшемді көшеттер отырғызылады. Бұл жайында жасыл желектердің жағдайымен танысу мақсатында өткен баспасөз турында белгілі болды.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Пресс-турға Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері, «EcoAlmaty» ЖШС мамандары және бұқаралық ақпарат құралдары қатысты. Іс-шара барысында сарапшылар аталған аумақтарда жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін баяндап, кейбір ағаштардың апаттық, қураған, әлсіреген және жарамсыз күйін анықтағанын мәлімдеді.



Нұркен АҚМЫРЗА,
Алматы қаласы
Экология және қоршаған орта басқармасы Жасыл қорды мониторингтеу бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы:

Сәтбаев көшесінің Желтоқсан мен Назарбаев даңғылдары арасындағы бөлігінде 20 шырша өсіп тұр. Зерттеу нәтижесінде олардың 17-сі апаттық жағдайда екені анықталды, яғни толығымен зақымданған, сондықтан оларды жою қажет. Қалған 3 ағашты көшіру жоспарлануда, бірақ олардың да жағдайы мәз емес. Осыған байланысты бұл аумақта 28 жаңа ірі көлемді (6 метрден жоғары) шырша отырғызу туралы шешім қабылданды.

Бұл іс-шаралар қала экологиясын жақсартып, жасыл желектердің өміршеңдігін арттыруға бағытталған. Сондықтан жасыл аймақтың жалпы құрылымы өзгермейді. Ағаштарды ауыстыру кезінде топырақ толық жаңартылып, көшеттер комымен (түбірімен) әкелінеді. Барлық жұмыстар белгіленген технологияға сәйкес орындалады. Ғылыми зерттеулер мен арнайы мамандардың ұсыныстары негізінде жүргізілуде.



Александр БЕСЧЕТНОВ,
«Биота» ЖК кеңесшісі:

**Толық
реконструкциялау
жұмыстары
жүргізіледі**

Орталық алаңдағы ағаштардың жағдайы нашарлағандықтан, әкімдік толыққанды реконструкция жүргізу туралы шешім қабылдады. Қаланың ластануы мен көлік қозғалысының артуы қылқан жапырақты ағаштардың тозуына әсер етуде. Сондықтан қураған

ағаштар алынып, олардың орнына жаңа көгілдір шыршалар отырғызылады.

Ағаштарды күтіп-баптау шаралары күшейтіледі, топырақ ауыстырылып, тыңайтқыштар беріледі, суару мен тазалау жұмыстары жүргізіледі. Арнайы техника арқылы ағаштардың шаңы жуылады.

Сонымен қатар, Панфиловшылар паркінде де жасыл желекті жаңарту жұмыстары жүргізілмек. Бұл жерде жапырақты ағаштардың шамадан тыс өсуі қылқан жапырақты ағаштардың дамуына кедергі келтіруде.

Әл-Фараби даңғылы бойындағы орталық бөлгіш жолақта да өзгерістер болады. Қылқан жапырақты ағаштардың жол бойында жақсы өспейтіні анықталғандықтан, олардың орнына арнайы таңдалған жапырақты ағаштар отырғызылады. Бұл іс-шаралар қаланың көркемдік келбетін жақсартып, экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.



Инга БАБА,
Ботаника және фитоинтродукция институтының аға ғылыми қызметкері:

Орталық алаңдағы ағаштар жаңару керек

Ағаштардың фитопатологиялық жағдайын зерттеу үшін арнайы резистограф құрылғысымен тексеру жүргізілді. Талдау нәтижесінде кейбір ағаштардың ішкі құрылымы 50%-дан астам зақымданғаны анықталды. Мұндай апатты жағдайдағы ағаштарды кесу қажет. Себебі, олар құлауы мүмкін, саңырауқұлақ инфекцияларын таратуы да ғажап емес. Орталық алаңда өсіп тұрған көгілдір шыршалардың негізгі отаны – Канада мен АҚШ. Олар қала жағдайындағы ауа ластануына ең төзімді түрлердің бірі болып саналады.

3-еуі қанағаттанарлық жағдайда, 17-сі апаттық күйде (қылқан жапырақты ағаштар). Бұл учаскеде 17 апаттық жағдайдағы ағаш алынып, орнына және бос орындарға биіктігі 6 метрден асатын 28 ірі көшет отырғызылады.

● Ағаштарды кесу, қайта отырғызу және жаңа ірі көшеттерді егу жұмыстары Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

● Алдағы наурыз айында Алматы қаласында 2000-ға жуық ірі өлшемді



Омар НҰРХАЙДАРОВ,
«Жасыл комиссия» мүшесі:



Жасыл қорды сақтауға бағытталған

Қаладағы жасыл желектердің жағдайына Қоғамдық жасыл комиссия тұрақты бақылау жүргізіп келеді. Бүгін біз алаңдағы қылқан жапырақты ағаштардың апатты жағдайда екенін растап, олардың орнын жаңа, ірі көлемді ағаштармен алмастыру қажеттігін қолдаймыз.

Бұрынғыдай ұсақ көшеттер емес, өлшемі көлемді, яғни толыққанды үлкен ағаштар отырғызылып жатыр. Олардың бейімделу көрсеткіші жоғары, ал қалаға көрік беріп, экологиялық жағдайды жақсартуға ықпалы мол. Сонымен қатар, үш жылдық кепілдік күтім қарастырылған, яғни отырғызылған ағаштарға ерекше қамқорлық жасалады. Бұл бастама – Алматының жасыл келбетін сақтауға бағытталған маңызды қадам. Жаңа көшеттер тамыр жайып, аллея қайтадан жайқалатынына сенімдіміз.



Алмат ӘДІЛБАЕВ,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Дұрыс әрі қажет шешім

Республика алаңы – Алматының көрнекті орындарының бірі, туристер көп келетін аймақ. Сондықтан оның эстетикалық келбеті қала мәдениетінің бір бөлігі ретінде ерекше назарда болуы керек. Қазіргі таңда мамандардың зерттеуі бойынша, бұл аумақтағы қылқан жапырақты ағаштардың жағдайы күрт нашарлаған. Олардың тозуы табиғи процесс болғандықтан, уақытылы ауыстырып, жас көшеттер отырғызу – дұрыс әрі қажет шешім. Кез келген зат ескірген кезде оны жаңарту – қалыпты жағдай. Киімімізді ауыстырып, үй жиһазын жаңартқандай, қаланың жасыл желегіне де осындай қамқорлық қажет. Сондықтан бұл бастаманы толық қолдаймын. Ең бастысы – ағаштарды күтіп-баптау мен абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Ғылыми қызметкерлер мен сарапшылардың қорытындысы бойынша, қартайған және апаттық жағдайдағы ағаштарды кесіп, орнына төзімділігі жоғары, Алматының климаттық жағдайына бейімделген ірі өлшемді көшеттерді отырғызу туралы шешім қабылданды.

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

● Әл-Фараби даңғылы бойында барлығы 961 ағаш өсіп тұр (524 қылқан жапырақты, 437 жапырақты). Олардың 906-сы қанағаттанарлық жағдайда, 55-і апаттық күйде, ал 42 жапырақты ағаш (биіктігі 2-2,5 м) қайта отырғызуға жатады. Сонымен қатар, Әл-Фараби даңғылы бойында жаңа көшеттер отырғызуға болатын 205 бос орын бар. Бұл учаскеде жапырақты ағаштар: биіктігі 6 метр болатын 194 емен және биіктігі 6 метр болатын 100 жөке ағашы отырғызылады.

● Сәтбаев көшесіндегі Желтоқсан мен Назарбаев даңғылдарының арасындағы учаскеде 20 ағаш өсіп тұр, олардың

ағаш көшеттерін отырғызу жоспарланған. Олар Саин, Рысқұлов, Сәтбаев көшелерінде, «Көкжиек» шағынауданында, Гүлдер саябағында және басқа да қоғамдық кеңістіктерде отырғызылады.

● Ірі өлшемді көшеттер – биіктігі кемінде 4 метр, жақсы қалыптасқан тамыр жүйесі, діңі және тәжі бар ағаштар. Мұндай ағаштарды отырғызудың негізгі мақсаты – көгалдандырылған аумақ көлемін ұлғайту, автокөліктерден шығатын ауаның ластану деңгейін төмендету және жолайықта-рының бойында эстетикалық жағынан тартымды жасыл белдеу қалыптастыру.



АССАМБЛЕЯҒА – 30 ЖЫЛ!

ДОСТЫҚ ПЕН БЕЙБІТШІЛІК ҰЙЫМЫ

1 наурыз – елімізде «Алғыс айту күні». Соған қоса, биыл Қазақстан халқы Ассамблеяның құрылғанына 30 жыл толды. Мереке қарсаңында Алматыда ынтымақ пен татулықты, ізгілік пен қамқорлықты нәсихаттайтын айтулы іс-шаралар өткен болатын. Көктемнің алғашқы күніндегі мерекелік іс-шаралар Достық үйінде Ассамблеяның 30 жылдығына арналған ескерткіш-тақтаның ашылуынан басталды.

«Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл»

Алматы қаласының Достық Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына орай орнатылған мемориалдық тақта осылай аталды. Оның ашылуы салтанатына Алматы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері қатысты.

Іс-шара барысында Азамат Қалдыбеков Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқыды. Сондай-ақ, Алматы әкімдігінің атынан жиналған қауымды мерейлі күнмен құттықтады.

– 1 наурыз – Алғыс айту күні әрі Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын атап өтетін күн. Бұл ұйым еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің бірегей институтына айналды. Ассамблея қоғамымыздың бірлігі мен нышанына, Қазақстанның өркендеуі мен тұрақтылығының басты іргетасы болып қалыптасты, – деп атап өтті Алматы әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, іс-шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының ақсақалдары шаһар басшысының атынан Алғыс хаттармен марапатталды. Айта кетейік, Қазақстан халқы Ассамблеясының негізі 1995 жылы 1 наурыз күні қаланған болатын.

Аналарға алғыс айтылды

Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері Алматы қаласының перинаталдық орталығына және №5 қалалық перзентханаға барып, жаңа туған сәбилердің аналарын құттықтады. Іс-шара Алғыс айту күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өтті.



– 1 наурыз – Алғыс айту күнінде перзентханадағы аналар мен дәрігерлерді құттықтап, алғыс айтуға келдік. Бұл игі бастамаға дүнген этномәдени бірлестігі, ауған этномәдени бірлестігі және қырғыз этномәдени бірлестігі атсалысты. Бұл керемет айдағы жақсы бастамалардың бірі, – деді Алматы қаласы бойынша ҚХА Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Болат Оспанов.

Іс-шара барысында Алматы қаласының перинаталдық орталығы мен №5 қалалық перзентханасында ана атану бақыты бұйырған 20-ға жуық анаға сыйлықтар табысталды.

«Алғыс ағашы» акциясы

Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген мерекеге байланысты Алатау ауданының комьюнити-орталығында ерекше акция өтті. Іс-шараның басты мақсаты – адамдар арасында ризашылық сезімін арттырып, жылы қарым-қатынасты нығайту.

Комьюнити-орталығының директоры Молдахан Орынбектен акция жөнінде сұрағанымызда:

– Бұл акция қатысушыларға жақындарына, әріптестеріне, достарына алғыс білдіру мүмкіндігін сыйлайды. Арнайы дайындалған ағаш бейнесіндегі баннерге келген қонақтар өздерінің жылы лебіздері

мен алғыс сөздерін түрлі-түсті стикерлерге жазып, жабыстырады. Осылайша әрбір қатысушы ризашылық білдіру арқылы ортақ жылулық пен мейірімділік атмосферасын қалыптастырады деп білемін. Акцияның жалпы мақсаты – халық арасында бұл мейрамды танымалдылығын одан әрі арттыру, – дейді.

Іс-шараға әртүрлі жастағы адамдар қатысты. Бірі ата-анасына алғыс білдірсе, енді бірі ұстаздарына, достарына, әріптестеріне ризашылықтарын жазды. Бұл қоғамдық іс-шараның маңызы қандай? Комьюнити-орталығының координаторы Дәркенбай Дамир мұндай акциялар адамдардың бір-біріне деген құрметі мен

ықыласын арттырып, қоғамдағы жылулықты еселей түседі деп санайды.

Мерекелік концерт

Алғыс айту күні – мейірімділік пен қамқорлыққа толы ерекше мереке. Осыған орай «Алатау» дәстүрлі өнер театрында мерекелік кеш өтті. Еліміздегі этносаралық татулық, халықтың бір-біріне деген алғысы мерекелік концертте көрініс тапты.

Кеш барысында әсем әндер мен түрлі сахналық қойылымдар көрермен назарына ұсынылды. Әрбір өнерпаз өз өнері арқылы халықтың жүрегіне жылулық сыйлап, кештің әсерлі әрі мазмұнды өтуіне зор үлес қосты. Сонымен қатар, кеш барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай, Ассамблея белсенділеріне Алғыс хаттар ұсынылды.

Кешті Абай атындағы опера және балет театрының солисі Ислам Хамзаев



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

композитор Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен қорытындылады.

– Осындай керемет кешті қорытындылау мен үшін үлкен мәртебе. Барша қазақ жұртын көктемнің алғашқы мерекесі – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! – дейді әнші.

«Алатау» театрында өткен бұл кеш – елдің рухани бірлігін нығайтып, халықтың татулығын арттыруға септігін тигізетін мәдени іс-шаралардың бірі болды. Алғыс айту күніне арналған концерт халықтың жүрегінде ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

**Әзірлегендер Досбол ОРЫНБЕКҰЛЫ,
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.**

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

БЕЛСЕНДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ БЕДЕЛІ БАР

Достық үйінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбековтың төрағалығымен Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар күнін мерекелеу аясында қала әкімдігі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



– Бұл кездесу қаланың өміріне қатысты әлеуметтік және басқа да мәселелер бойынша ортақ шешім табуға көмектеседі. Өйткені, азаматтық қоғам өкілдерінің әлеуметтік мәселелерді анықтауда, оларды шешуде, сонымен қатар қоғамдық

талқылауды жүргізуде алатын орны ерекше, – деді Азамат Қалдыбеков.

Алматы қаласы әкімдігі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы – бұл билік органдары мен коммерциялық емес

ұйымдар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара. Отырыста азаматтық қоғамды дамытуға, ашықтықты қолдауға және ҰЕҰ жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты өзекті мәселелер мен бастамалар талқыланды.

Отырыс қорытындысы бойынша Алматы қаласының азаматтық қоғамды дамытуға үлес қосып жүрген ең белсенді Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қала әкімі Ерболат Асқарбекұлы Досаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

ТАҚЫРІПҚА ОРАЙ

**Айдар ЕСЕНБЕКОВ,
Алматы қаласы
Қоғамдық даму басқармасының
басшысы:**


Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының маңызды бір бөлігі, әрі қаланың үкіметтік емес секторын қолдауға елеулі үлес қосып келеді. Бүгінгі таңда республика бойынша 20 мыңнан астам ҰЕҰ тіркелген. Соның 4606-сы Алматы қаласында тіркелген, бұл республика бойынша жалпы санның 19%-ы. Оның ішінде қоғамдық қорлар – 1779, қоғамдық ұйымдар – 1542, мекемелер – 486, заңды тұлғалар бірлестігі – 447, сондай-ақ, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар өкілдіктері мен филиалдары – 352. Қазіргі уақытта Алматы қаласында белсенді жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың саны 400-ге жуық. Бір жыл ішінде біз белсенді емес, яғни «бір күндік» үкіметтік емес ұйымдарды анықтау бойынша жұмыс жасадық және бұл бағытта жұмыс әлі жалғасуда.



Саяхат:

АЛМАТЫ – ЕҢ ҮЗДІК БАҒЫТ

Шаһар Орталық Азияның «жаңа стиль астанасы» атанды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстанның туристік әлеуеті халықаралық аренада табысты насихатталып келеді. The New York Times нұсқасы бойынша Алматы қаласы үздік 52 туристік бағыттың қатарына енсе, Lonely Planet журналының нұсқасы бойынша Қазақстан 2025 жылы саяхаттауға тиіс үздік елдердің тізіміне кірді. Бұдан бөлек, Conde Nast Traveller Italia басылымы «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортын таңдаулы ТОП-5 дестинация тізіміне қосты.

Ал CNN Travel 2025 жылы саяхаттауға тұрарлық 25 бағыттың тізімін жариялап, Қазақстанды ерекше мәртебеге лайық деп таныды. Атап айтқанда, Алматы қаласы саяхаттауға тиіс ең үздік бағыттардың қатарына енді. Қала кең табиғи ландшафттармен дамып келе жатқан урбанистік мәдениетті біріктіретін ерекше атмосферасының нәтижесінде Орталық Азияның «жаңа стиль астанасы» деп аталды.

Алдағы жылдары Қазақстан туризм саласын дамытуды қарқынды түрде жалғастырып, ауқымды жобалар мен бастамаларды жүзеге асырады.

Басым бағыт ретінде үш ірі туристік аймақ белгіленді, олар: Щучье-Бурабай курорттық өңірі, Маңғыстау курорттық өңірі және Алматы тау кластері.

ДИНАМИКА, ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ NEO NOMAD VISA

- Елімізде туризм саласында іске асырылып жатқан жүйелі іс-шаралардың нәтижесінде Қазақстанға келетін туристер саны да, әлемдік рейтингтегі орнымыз да айтарлықтай жақсарып келеді.

Мәселен, Дүниежүзілік экономикалық форумның (World Economic Forum) Саяхат пен туризмді дамыту индексіне сәйкес Қазақстан туристік бағыттар тізімінде 119 ел ішінде **52-орынды иеленді**. Бұған дейінгі индексте Қазақстан 66-орынға орналасқан еді.

Ал өткен жылы Қазақстанға жұмыс бабымен немесе тұрақты тұруға келгендерді есептемегенде, туристік мақсатпен **15,3 млн шетелдік қонақ** келген. Оның ішінде **10,4 млн адам** елде бір күннен көп уақытқа қалып, шетелдік туристер санатына енді. Ресми статистикаға сәйкес, шет-

телдік меймандардың елімізде орташа болу мерзімі – **4 күн**.

Ұлттық банк мәліметінше, алыс шетелден келген туристер Қазақстанға сапары кезінде орта есеппен **1500 АҚШ долларын** жұмсайды. 2024 жылы шетелдік туристер еліміздің аумағында **1,2 трлн теңгеден астам қаражат** жұмсады.

Туризм саласында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі тұрақты түрде өсіп келе жатқанын байқауға болады. 2019–2024 жылдар аралығында **салаға салынған инвестиция көлемі** төмендегідей:

- 2019 ж. – 502 млрд теңге;
- 2020 ж. – 629 млрд теңге;
- 2021 ж. – 593 млрд теңге;
- 2022 ж. – 513 млрд теңге;
- 2023 ж. – 787 млрд теңге;
- 2024 ж. – 947,5 млрд теңге.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СӘТТІ ЖОБАЛАР

Осы жылдар аралығында туризм саласында жалпы сомасы **550 млрд теңгеге 605-тен астам инвестициялық жоба** іске асырылған, оның ішінде 2024 жылы **87 инвестициялық жоба** сәтті аяқталды.

Ірі инвестициялық жобалар арасынан Шымкент қаласындағы «Махамбет» қонақ үйін (жоба құны – 4,9 млрд теңге), Атырау облысындағы «Keremet Park» отбасылық паркін (3 млрд теңге), сондай-ақ Алматы облысындағы «Ақ-Жайық» демалыс аймағын (1,8 млрд теңге) атап өтуге болады. Сонымен қатар былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша **Neo Nomad** деп аталатын жаңа виза түрі енгізілді. Бұл виза заманауи көшпенділерге – саяхаттап, қашықтан жұмыс істейтін шетелдік туристерге арналған. Жаңа визалық режимді енгізер кезде пандемиядан кейін осындай бағдарламаларды сәтті қолданған **50-ден астам елдің** халықаралық тәжірибесі назарға алынған.

Neo Nomad визасын алған шетелдік туристердің Қазақстанда бір жылға дейін тұруға мүмкіндігі бар. Осы уақыт ішінде олар шетелдік компанияларда жұмыс істей алады. Бұл туристерге еліміздің мәдениеті мен тұрмысын жақынырақ тануға мүмкіндік беріп қана қоймай, ел экономикасына пайда әкеледі деп күтілуде. Виза енгізілген жағдайда жылына **500 адам** оны алса, экономикалық әсер шамамен, **3,6 млрд теңге** болмақ. Визаны пайдаланатын шетелдік азаматтар Қазақстанда тұрып, қаражатын осында жұмсайды. Бі-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Венера МҰСТАФИНА,
«Kazakh Tourism» АҚ өкілі:

– Қазақстан 2025 жылы саяхаттауға арналған әлемдегі ең үздік 10 елдің қатарына енді. Бұл – Lonely Planet баспасының танымал Best in Travel рейтингінің нәтижесі. Алматы қаласы «The New York Times» нұсқасы бойынша әлемдегі ең үздік 52 туристік бағыттың қатарына кірді. Әлемге танымал Conde Nast Traveler Italia басылымы қазақстандық «Шымбұлақ» курортын әлемдегі ең үздік 5 тау шаңғысы бағытының қатарына қосылды. Бұл әлемдік туристік аренада Қазақстанның тартымыдылғы артқанын және әрбір турист өзінің саяхатын түрлендіре алатынын көрсетеді. Яғни белсенді демалыстан және экотуризмнен бастап мәдениет пен тарихты бағалаушыларға дейін өз қызығушылығын таба алады.

Ал Neo Nomad Visa әлемнің әртүрлі елінен келген саяхатшыларға көптеген мүмкіндік береді. Виза алған шетелдік туристер Қазақстанда бір жылға дейін тұрып, өздерінің шетелдегі компанияларында қашықтан жұмыс істей алады. Жаңа B12-1 визасын алу үшін Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігіне немесе консулдық мекемелеріне жүгіну қажет. Neo Nomad Visa арқылы Қазақстанда жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылмағанын атап өткен жөн. Ақпан айының соңындағы деректерге сәйкес, визаның бұл түрін 8 шетелдік азамат иеленді.

Бақытжан САРКЕЕВ,
экономист:

– Алматы – туризмнің діңгегі. Мұнда сервистік қызметтерді жолға қою керек. Әрине, қазіргі меже жақсы. Дегенмен, Стамбул, Дубай сияқты дәрежеге жеткізсек жақсы болар еді. Сонымен қатар, шаһардың жарнамасын жасайық. Instagram, TikTok сияқты әлеуметтік желіден жарнамалай берсек, соған сай іс қылсақ ұтарымыз көп. Тамақ өнеркәсібі, мейрамхана ісі, такси қызметі үздіксіз қызмет қылып тұрса дейміз. Әлемде «медициналық туризм» деген ұғым бар. Оған да мүмкіндігіміз зор. Өйткені, белді оқу орындары, медицина орталықтары бізде орналасқан. Сондай-ақ, Медеу, Шымбұлақта курорттық аймағы етіп туристерге қолайлы етейік. Шетелдік қонақтар таудан сырғанап, шаңғы теуіп, атпен серуендеп, қазақтың қолөнерін көріп, кәде-сый сатып алып, ұлттық тағамдарынан ауыз тиіп, ұлттық ойындарды тамашаласа, құба-құп болар еді.

Егер қазақ еліндегі туризмге 100 теңге инвестиция салсаңыз, ол сөзсіз 1000 теңге болып қайтады. Сондықтан туризмге мән беретін уақыт жетті. Өйткені, біздің дәуір бәсекелестіктің кезеңі. Сол себепті, туристік әлеуетті көтеретін кез жетті.

рақ отандық еңбек нарығына әсер етпейді. Бұл – бағдарламаның маңызды бөлігі.

МАҚСАТ – ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК 50 ЕЛІ ҚАТАРЫНА КІРУ

2027 жылға дейін жалпы құны **1,1 трлн теңгеден асатын 181 инвестициялық жоба** іске асырылады. Туризм саласында жұмыспен қамтылғандар санын **800 мың адамға** дейін арттырып, агротуризмді дамыту есебінен ауылдық жерлерде **10 мың жаңа жұмыс орнын** ашу жоспарланған.

Ішкі туристер санын **11 миллион адамға** жеткізіп, елдегі орналастыру

орындарының төсек-орын қорын **280 мыңға дейін ұлғайту**, сондай-ақ барлық қонақ үйді eQonaq ақпараттық жүйесіне енгізу көзделген.

Сонымен қатар, Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның Саяхат және туризмді дамыту жаһандық индексіне **әлемнің үздік 50 елі** қатарына кіруді мақсат етіп отыр.

Бұл бастамалар елдің халықаралық туристік аренадағы орнын нығайтып, саяхатшылар, бизнес және жергілікті қауымдастықтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ТСМ Баспасөз орталығы).



КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

«ОҢАЙ АҚША БОЛМАЙДЫ»

Интернет-алаяқтардан сақ болыңыз...

(Басы 1-бетте)

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

— Белгісіз нөмірден бір жігіт өзін «Руслан Әлиев – менеджермін» деп хабарласты. Қаражат көбейту туралы түсіндірді. Әңгімеміз шамамен 10–15 минутқа созылған соң, «ақпараттыңызға рахмет, кейін хабарласармын» деп тұқаны қоя салдым. Қайта хабарласты. Екінші рет звондағанда: «Мен ойланайын, өзім хабарын беремін» десем, тыңдайтын түрі жоқ. Айтқаныңа көнбейтін мынау қандай адам деп күмәндана бастадым. Кенет ойыма «алаяқтар дауыс ырғағын жазып алып, сен болып сөйлесу үшін ұзақ әңгімелесуге тырысады» деген таныстарымның сөзі сақ ете түсті. Алаяқтар екенін бірден түсіндім. Бірақ одан не пайда? Сол күннен бері қоңыраулар әлі тоқтаған жоқ – күніне неше түрлі нөмірлерден 10–15 рет қоңырау шалатын болды, құтыла алмай жүрмін, – дейді Азамат күрсініп.

Сол күннен бері Азамат күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылады. Шиедтей бала-шағаны бағып-қағамын деп таң атқаннан кеш батқанша жұмыс істеп шаршап жүргені жайына қалды. Балаларым өскенше жинай берейін деп депозит ашып ақша салып жүрген. Мына оқиғадан кейін атымнан несие алып, елден қарыз сұрап жүре ме деп уайымдай бастайды.

— «Қазақ радиосында» әр аптаның бейсенбі күні «Заң кеңесі» деген білікті заңгер Нұра Тынысқызының қатысуымен берілетін хабар барын білетінмін. Өзім үзбей тыңдаймын, сол хабарды. Кеңес сұрадым. Заңгердің айтуынша, құқықтық терминологияда «оферта» деген ұғым бар екен. Оферта – бұл белгілі бір шарттармен тауарды немесе қызметті ұсыну туралы ресми ұсыныс. Ол жария оферта және жеке оферта болып екіге бөлінеді. Егер адам офертаны қабылдаса, онда бұл келісім-шарттың жасалғанын білдіреді. Демек, адам арнайы барып, келісім-шарт жасамаса да ол жұмыс істей беретінін түсіндірді. Содан кейін маған бөтен нөмірлерді алмауымды, eGov порталындағы жеке кабинетте несие бермеу бойынша нүктені басып қою қажеттігін ескертті. Бұл нүкте менің рұқсатымсыз несие ала алмайтынын білдіреді екен. Дереву, заңгердің айтуы бойынша, eGov-тағы операцияны жасап қойдым. Ешқандай ақша жоғалтпасам да, бұл оқиға басқалардың өміріне сабақ болсын. Оңай ақша болмайтынына көзім осы жолы анық жетті, – дейді ол.

Дәл осындай жарнамаға алданған Ұлытау облысының тұрғыны «Kaspi Profit» жарнамасынан «қаражатты



Керек дерек

ИИМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің дерегіне, былтыр елімізде интернет-алаяқтық бойынша 22 560 қылмыстық іс тіркеліп, халық 45,5 млрд теңге шығынға ұшыраған. Оның ішінде онлайн-интернет сауда – 7716, инвестициялық жоба мен брокерлік компаниялар – 2673, шетелдік нөмірлер арқылы ватсаппен хабарласу арқылы 5977 алаяқтық жасалған. Сонымен қатар, банктер, құқық қорғау органдар және мемлекеттік органдар – 65 млн қоңырау бұғатталған.

инвестиция арқылы көбейтуге болады» деген хабарламаға сеніп, жеке деректері туралы мәліметтер қалдырған. Жәбірленуші ұялы телефонына қосымшаны жүктеп, жеке шотына алаяқтың нұсқауымен 6 млн теңге несие рәсімдеген. Алаяқтар инвестиция арқылы 18 372\$ қол жеткізгеніне сендіріп, оны қолма-қол ақшаға айналдырып, «Global finance» компаниясы арқылы жеткізіп бере алатындарын, ол үшін тағы 3 млн қаражат салу қажеттігін айтқан. Жәбірленуші оның айтқанына келісіп, аталған қаржыны белгісіз шоттарға аударған.

Осылайша облыс тұрғыны алаяқтың нұсқауы арқылы 9 млн теңгесінен айырылған.

Мұндай жағдай Жезқазған қаласы тұрғынының да басынан өткен. «Kaspi Profit» жарнамасына сенген азамат 5 млн теңге несие рәсімдеп, алаяқ көрсеткен шоттарға аударып жіберген.


Көрдіңіз бе, кейде адамдар осылайша интернеттегі жылдам ақша табу ұсыныстарына алданып жатады. Қазіргі таңда алаяқтар өте белсенді, ал адамдардың қаржылық сауаты көбіне жеткіліксіз. Сондықтан кез келген жарнаманы көргенде «тым жақсы ұсыныстар шындыққа жанаспа?» деп ойлану қажет дейді заңгерлер.

Жалған жарнама

Kaspi Profit – Kaspi.kz-ке еш қатысы жоқ алаяқтық схема. Бұл жоба интернетте жылдам және оңай ақша табуды уәде етіп, адамдарды алдап, ақшаларын жымқыруға бағытталған. Қазір байқасаңыздар, әлеужеліде Kaspi.kz негізін қалаушы Михаил Ломтадзенің бейнесін пайдаланып, оның бұрынғы сұхбаттарынан алынған үзінділер мен дауысын қолдан жасап, адамдарды сендіруге тырысқан жалған жарнамалар көп. Ол былай жұмыс істейді. «Kaspi арқылы күніне 50 000 – 100 000 теңге табыс!» деген жарнамалар таратылады. Қызыққан адамдар жоғарыдағы Азамат секілді жарнамадағы сілтемені басып, телефон нөмірін қалдырады. Алаяқтар өзін «Kaspi Profit өкілдері» деп таныстырып, алдымен 50 000 – 500 000 теңге аралығында алғашқы инвестиция салуды сұрайды. Ақша салған адамға «табыс өсті, көбірек салсаңыз, көп аласыз» деген сылтаумен қосымша қаржы салуға көндіреді. Біраз күннен кейін сайт

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Еркебұлан ҰЛАНҰЛЫ,
Алматы қаласы
Кибер қылмысқа қарсы күрес басқармасы
басшысының орынбасары:



Жеке мәліметті бейтаныс сайттарға енгізбеңіз!

Соңғы жылдары елімізде интернет-алаяқтық оқиғалары күрт көбейді. Қылмыстың бұл түрінен зардап шеккендердің дені – қарттар, табысын тез арада арттырғысы келетіндер, қаржылық сауаттылығы төмен азаматтар. Бүкіл әлем интернетке байланғанын ескерсек, алаяқтардың да сол «ауылды» тоңуылдайтыны түсінікті жайт. Қазір алаяқтар өздерін банк қызметкерімін деп таныстырып, жәбірленушінің жеке шотындағы және депозиттегі қаражатын түрлі айламен иемденіп кетіп жатыр.

Ол аз десеңіз, несие рәсімдеп алады. Онлайн-саудада да алаяқтықтық көп. Жалпы, естеріңізде болсын, банк немесе полиция қызметкерлері ешқашан дербес деректерді телефон арқылы хабарлауды сұрамайды және арнайы операциялар жүргізбейді. Қарапайым осыны жадыларынан шығармаса екен дейміз. Мәселен, биыл Алматыда екі айдың ішінде 400-ге жуық интернет-алаяқтыққа қатысты қылмыс тіркелді. Мұндай қылмыстардың ашылу жылдамдығы бірнеше факторға байланысты. Себебі, бұл күрделі және уақытты талап ететін жұмыс. Егер алаяқтықтың құрбаны болған адам тез арада құқық қорғау органдарына жүгінсе, істің ашылу мүмкіндігі артады.

Алайда, көптеген алаяқтар шетелде отырып, анонимді құралдарды пайдаланатындықтан, мұндай істер кейде ұзақ тергеледі немесе мүлде ашылмай қалады. Егер олар өз әрекеттерін VPN, анонимді браузерлер (Tor), жалған шоттар арқылы жүзеге асырса, оларды табу қиындайды. Сондықтан интернетте қауіпсіздік шараларын сақтау – ең дұрыс шешім болмақ. Алаяқтардан сақ болыңыздар! Жеке мәліметті бейтаныс сайттарға енгізбеңіз!

жабылады немесе «шотты жабу үшін комиссия төлеу керек» деген сылтау айтылып, қаражатты қайтарып алу мүмкін болмайды.

Біз Kaspi Bank-ке де хабарластық. Алайда, банк бұл жобаның оларға еш қатысы жоқ екенін ресми түрде растады. Демек, бұл жоба – алаяқтық. Оның мақсаты – адамдарды алдап, олардың жеке деректерін немесе ақшасын алу. Қазақстанның Ішкі істер министрлігі мен Киберполиция бөлімшесі «Kaspi Profit» сияқты схемалардан сақтануды ескертіп отыр. Өйткені, көптеген адамдар осы жарнамаларға алданып, ақшасынан айырылып қалып жатыр.

КЕРЕК КЕҢЕС

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Телефон нөміріңізді күмәнді сайттарға енгізбеңіз.

Бейтаныс адамдарға ақша аудармаңыз.

«Жылдам пайда» туралы ұсыныстарға сенбеңіз.

Инвестиция жасамас бұрын компанияның лицензиясын тексеріңіз.

Алаяқтардан зардап шексеңіз, дереу полицияға (102) немесе Киберполицияға (cyberpolice.kz) шағым түсіріңіз.



● ЭЛЕУМЕТ

Алматыда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдап, қорғауға бағытталған бастамалар қарқынды дамып келеді. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Ұлттық бала асырап алу агенттігі» жобасының жетекшісі Фарида Рахметова Кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізуге арналған жаңа заң жобасының маңыздылығы туралы айтты.

Ұлттық бала асырап алу агенттігі – бұл елімізде бала асырап алу мәдениетін дамытуға және кәсіби қабылдаушы отбасыларды қолдауға сегіз жылдан бері еңбек етіп келе жатқан «Ана үйі» қорының маңызды бөлігі. Қазіргі уақытта елімізде 20 кеңес беру кабинеті жұмыс істейді, онда қор мамандары жетім балаларды отбасына қабылдағысы келетін азаматтарға көмек көрсетеді. Тек Алматының өзінде осы жоба іске қосылғаннан бері 2285 адам мамандардан кеңес алып, ал 818 азамат Қабылдаушы ата-аналар мектебінде дайындықтан өтті. Осы бағдарламаның нәтижесінде 105 алматылық отбасы 158 жетім баланы қанатының астына алды.

«Он екі жыл ішінде интернаттық мекемелердегі балалар саны 10 мыңнан 4 мыңға дейін қысқарды. Алайда, кейінгі бес жылда бұл көрсеткіш өзгеріссіз қалып отыр. Бұған басты себеп – жетім қалған балалардың көбі жасөспірімдер, ерекше қажеттіліктері бар балалар немесе жалғыз

«АНА ҮЙІ» ҚОРЫ

жетім балаларды отбасына қабылдағысы келетін азаматтарға көмек көрсетеді



емес, бауырлары бар. Мұндай балаларды бала асырап алуға ниетті отбасыларға орналастыру қиынырақ», – дейді «Ана үйі» қорының психолог қызметінің жетекшісі Л.Ақатаева.

Осындай мәселені шешу үшін Кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізетін заң жобасы әзірленген болатын. Құжат «Неке және отбасы туралы» Кодекске ресми түрде енгізілді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фарида
РАХМЕТОВА,
«Ұлттық бала
асырап алу
агенттігі»
жобасының
жетекшісі:



Ата-аналар
тереңдетілген
даярлықтан өтеді

2016 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Ұлттық асырап алу агенттігі» кәсіби қабылдаушы отбасыларды енгізуге ерекше назар аударып келеді. Бұл – жаңа формат. Дәстүрлі қабылдаушы отбасылардан айырмашылығы, фостерлік ата-аналар тереңдетілген даярлықтан өтіп, кәсіби деңгейде жұмыс істейді. Олардың қызметі жаңа заңнамамен реттеледі және мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету қарастырылған. Сонымен қатар, бұл жүйе қорғаншылық және қамқоршылық органдары тарапынан тұрақты бақылауды көздейді. Ата-аналар әр жарты жыл сайын баланың денсаулығы мен дамуы туралы есеп беруге міндеттеледі, ал мамандар бұл отбасылармен тығыз жұмыс істеуді жалғастырады.

● БРИФИНГ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДИАГНОСТИКА

туберкулезден емделушілердің

95%-дан астамы әлеуметтік қолдауға ие

Алматыда туберкулезді диагностикалау, алдын алу және емдеудің заманауи бағдарламалары табысты жүзеге асырылып келеді.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының директоры Мәлік Әденов мәлімдеді. Кейінгі алты жылда елімізде туберкулезге шалдығу 27%-ға, аурудың таралу деңгейі 32,1%-ға азайды. Алматыда да оң динамика байқалады. Пациенттердің 95%-дан астамы инъекциясыз ем қабылдауда, ал дәріге төзімді туберкулездің емдеу мерзімі 9–12 айға

дейін қысқартылған. Сондай-ақ, Алматыда 2555 бақылаулы емдеу кабинеті жұмыс істейді, онда мыңдаған науқас ем алууда.

Мемлекет пациенттерге әлеуметтік қолдау көрсетуді жалғастыруда. Былтыр бұл мақсатқа 2,4 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, амбулаториялық ем қабылдаушылардың 95%-дан астамы көмек алған. Инновациялық диагностика, емдеу және алдын алу шараларын енгізудің нәтижесінде Қазақстан мен Алматыда туберкулезге шалдығу көрсеткіші тұрақты түрде төмендеуде. Бұл дертпен күреске арналған ұлттық стратегия халықаралық стандарттарға толықтай сәйкес келеді және жоғары тиімділігін көрсетіп отыр.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәулеш ӘУЕЗОВА,

Алматы қаласы Фтизиопульмонология орталығы мониторинг және бағалау орталығының жетекшісі:

Пилоттық жобалар жалғасуда

Алматыда туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Мегаполисте озық технологиялар қолданылады. Қалалық зертханада туберкулезді небәрі 1,5–2 сағат ішінде анықтауға мүмкіндік беретін заманауи жабдықтар бар.

Сондай-ақ, Xpert MTB/XDR аппараттары орнатылған жоғары технологиялық зертханалар жұмыс істейді, олар туберкулезге қарсы препараттарға төзімділікті 90 минут ішінде анықтай алады. Үш қалалық емханада G-Xpert ПТР аппараттары жұмыс істейді, бұл молекулалық-генетикалық диагностикамен қамтуды 32,2%-ға арттырды.

Сонымен қатар, Алматыда BPaLM режимі бойынша «Претоманид» препараты қолданылатын пилоттық жобалар жалғасуда. Қазіргі күні 91 науқас осы бағдарлама аясында ем қабылдауда, олардың 48-і терапияны сәтті аяқтады.

● БАҒДАРЛАМА

«АҢСАҒАН СӘБИ»

Алматылық 246 әйел ЭКО арқылы бала сүйді

Кейінгі төрт жылда «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында 28 мың ЭКО жасалып, нәтижесінде 10 мыңнан астам бала дүниеге келді. Ал Алматыда бұл бағдарламаға 562 әйел қамтылып, оның 246-сы ана атанды.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңындағы брифингте «ЭКОмед» клиникасының репродуктивті маманы Айгерім Ахметова мәлімдеді. Спикер сөзіне сүйенсек, бүгінгі күні елімізде ерлі-зайыптылардың 16–17%-ы бала көтеруде қиындықтарға тап болады. Алматыда ЭКО-ға маманданған 11 емхана бар. Бұл

сәби сүйгісі келетін талай отбасыға үлкен мүмкіндік.

Айгерім Ахметова сондай-ақ, мегаполистеі «ЭКОмед» адам репродуктивті емханасы экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭКҰ) және қосалқы репродуктивті технологиялардың (ҚРТ) тиімділігін арттыруға бағытталған бедеулікті емдеудің жаңа әдістерін енгізетіндерін атап өтті. Клиника мамандары ұрықтандырудың табиғи жолға барынша жақын болуына мүмкіндік беретін Piezo ICSI әдісін белсенді түрде енгізіп жатқанын, сонымен қатар, эмбриондарды талдауда жасанды интеллект қолданылатынын мәлімдеді.

Айта кетейік, елімізде ЭКО арқылы өмірге келген ең алғашқы сәби қазір 29-да. Шетелде тұрады.

● МЕДТЕКСЕРУ

ЖҮЙЕЛІ ТЕКСЕРІЛУ

аурудың алдын алады

Алматы дәрігерлері жасы 40-тан асқан ер адамдарды несеп-жыныс мүшелерінің ісіктерін ерте анықтау үшін жүйелі түрде тексеруден өтуге шақырады.



Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Алматы онкологиялық орталығының онкоурологы **Айкерім ОМАРОВА** көптеген онкологиялық аурулардың асимп-

томатикалық түрде дамып, тек кеш болғанда ғана анықталатынын атап өтті.

«Қуық асты безінің қатерлі ісігін дер кезінде анықтау үшін жыл сайын қуық асты безінің спецификалық

антигеніне тест тапсыру қажет. Оның жоғарылауы ісік процесінің басталуын көрсетуі мүмкін. Ерте диагноз – сәтті емдеу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады», – дейді маман.

Несеп-жыныс мүшелерінің қатерлі ісігіне көбіне 50-ден асқан ерлер шалдығады. Созылмалы қабыну процестері (пиелонефрит, простатит, цистит), жаман әдеттер, семіздік, тұқым қуалайтын бейімділік, улы заттардың әсері де осы дертке әкелуі мүмкін.

Былтыр Алматыда обырмен 5209 адам тіркелген. Оның 518-і несеп-жыныс жүйесінің қатерлі ісігіне шалдыққан. Нақтырақ айтып кетер болсақ, 218-інде – қуық асты безінің обыры, 189 адамда – бүйрек жасушалы ісігі, ал 111 алматылықтан қуық ісігі анықталған.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРІ

ЕРЛІГІ ЕЛЕНБЕГЕН ҚАЗАҚ

Берлин Ратушасына ту тіккен Кенжебай Мәденов туралы не білеміз?



дивизиясының 170-гвардиялық атқыштар полкінің пулемет бөлімшесінің командирі болып Кривой Рог түбіндегі шайқасқа қатысты. 1944 жылы қарашадан бастап, 1-Белоруссиялық майданда 5-екпінді армия, 266-атқыштар дивизиясының, 1008-атқыштар полкі, 2-батальон ротасының 5-атқыштар взводуна басшылық етті. Украинаны (Днепр өзені), Молдавия аумағын (Ясса-Кишиневтік операция), Польшаны, оның астанасы Варшаваны, Германияны (Висла-Одерлік операция) азат ету бойынша әскери шабуылдардың және Берлин шабуылының (Берлиндік операция) қатысушысы.

Ратушадай зәулім қорғанның ішінде талай сағатқа созылған қолма-қол шайқаста «Империя кеңесі» жаудан түгел тазартылды да, лейтенант Мәденов Ратушаның төбесіне өз қолымен Жеңіс туын қадады.

Академик М.Қозыбаевтың «Қазақстан тарихы» оқулығында (10-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы, «Мектеп», 2004, 222 бет) мынадай деректер бар: «Берлин операциясы барысында кеңес жауынгерлері ер жүректік, ерлік және жоғары шеберлік көрсетті. Олар бір ниетке – фашистік Германияны талқандауды мүмкіндігінше тезірек аяқтап, Еуропа халықтарына аңсап күткен бейбітшілік пен тыныштық әкелуге ұмтылды. Берлинге кіреберісте шайқас жүргізіп, Берлинге шабуыл жасаған кеңес жауынгерлерінің ерлігі Екінші дүниежүзілік соғыс тарихының шежіресінде қалады. Сағадат Нұрмағамбетов Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға жерлестеріміз Есжанов, И.Я.Сьянов, Х.Қайдауылов, З.Тұрарбеков, Х.Көбеков, Т.Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және басқа да көптеген адамдар қатысты. Жас офицер Р.Қошқарбаев өзінің досы Г.Булатовпен бірге Рейхс-

таг терезелерінің біріне алғашқылардың бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицері К.Мәденов 1008-атқыштар полкінің туын Берлин ратушасының төбесіне тікті...» деп жазады. Демек, аға лейтенант Кенжебай Мәденовтің Ратушаға алғаш шабуыл жасап оны бағындырып, ту тіккені туралы деректер мен айғақтар оның ерлігін растайды.



Ұлы Отан соғысына қатысқан Кенжебай Мәденов кім және ол қандай ерлік жасады? Жеңіс солдаттарының жауынгерлік жолын дәлелдейтін қандай құжаттар бар?

Кенжебай Мәденов (1925 жыл 19 ақпанда Батыс Қазақстан облысы, Ақтайсай ауылында туған – 1974 жылы 26 желтоқсанда Атырау қаласында қайтыс болған) – Екінші дүниежүзілік соғыста «Берлин» операциясына қатысып, неміс фашистерінің Рейхстагтан кейінгі ордасы – Ратушаға бірінші болып өз взводуын бастап кіріп, оны жаудан тазартқан және ту тіккен, ерен ерлік жасаған батыр. Ол – есімі күллі қазаққа әйгілі, дауылпаз ақын, батыр Махамбет Өтемісұлының ұрпағы.

1943 жылы 8 қаңтарда 18 жасқа толмай тұрып, Қызыл Армия қатарына өз еркімен аттанды. 1943 жылы қарашада Краснохолмск жоғары жаяу-әскерлер училищесінің командирлерді дайындау бойынша курсын аяқтаған соң 3-Украина майданының 8-гвардиялық армиясының 57-атқыштар



Кенжебай Мәденов Фашистік Германия тізе бүккеннен кейін Солтүстік Кавказдық әскери округте рота командирінің лауазымында қызмет атқарды. Соғыстан кейінгі жылдары шаруашылықты қалпына келтіру мен бейбіт өмірді сақтау үшін әскери өмірін Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазақ КСР мемлекеттік қауіпсіздік органдарында, 1956 жылдан бастап Гурьев облысы бойынша жұмыс жасады.

Әскери қызметтің барлық кезеңінде подполковник К.Мәденов азаматтық борышты адал атқарудың үлгісін көрсетті. Қарапайым, кішіпейіл және қайырымды болатын. Ол жолдастарының зор құрметіне бөленді, өскелең ұрпақ арасында әскери-патриоттық жұмыстар жүргізді.

Жауынгерлік ерлігі үшін Кенжебай Мәденов екі «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941–1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

«Қызыл Ратуша (нем. Rotes Rathaus) – Берлиннің орталығындағы қызыл кірпіштен жасалған тарихи ғимарат. 1861–1869 жылдары сәулетші Г.Ф.Веземанның жобасы бойынша салынған. Лана соборы мұнараларының бейнесі мен ұқсастығы бойынша салынған төртбұрышты қалалық зал мұнарасының биіктігі 74 метрді құрайды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ғимаратта басқарушы үкімет орналасты, кейін қирады. 1951–1958 жылдары интерьердегі өзгерістермен қалпына келтірілді».

Кенжебай МӘДЕНОВТІҢ ерлігі туралы деректер не дейді?

**МАРШАЛ
Г.К.ЖУКОВ
ВОСПОМИНАНИЯ
РАЗМЫШЛЕНИЯ**



Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуковтың «Естеліктер мен ойлар» (3-том, 248-бет) кітабынан:

«Жаудың тегеурінді қарсылығынан Ратушаға тіке шабуылдау қиын болды. Артиллерия мен реактивті қару арқылы атқылауға бұйрық бердім. Бүкіл ғимарат қалың түтінге оранды. Осы кезде Ратушаға бірінші болып аға лейтенант К.Мәденовтің взводу кірді. Олар Ратушаның вестибюлі мен дәліздерде қоян-қолтық ұрыс жүргізіп, әр бөлмені ұрыспен алуға тура келді».

● ● ●

Генерал Ф.Е.Боковтың «Жеңіс көктемі» (244-бет) кітабынан:

«...Ратушаға бірінші шабуылды аға лейтенант К.Мәденов басқарған взвод жауынгерлері бастап кірді. Аға лейтенант К.Мәденов қоян-қолтық күрес жүргізіп, Ратушаға ту тікті...».

● ● ●

Әскери жазушы М.Мержановтың «Бұл осылай болған» кітабынан:

«...Берлин Ратушасына үдере шабуыл жасағанда да ша-

масы осындай жағдай болды. Оған осы ұрыста қаза тапқан кіші лейтенант Бондаренконың бірнеше танктері және Ратуша ғимаратына бірінші болып кіріп қана қоймай, сонымен бірге қолма-қол ұрыс салған лейтенант К.Мәденовтің взводу батыл шабуыл жасады, ұрыс екі сағаттан астам уақытқа созылды».

● ● ●

Жазушы Ф.Слановтың «Тайсойған түлектері» шығармасынан:

«...Қимылына көз ілеспес, көз оты жарқ-жұрқ еткен талдырмаш Кенжебай батальон командирінің алдына кеп тартыла қалды, оң қолы шекесінде:

– Әміріңіздемін, жолдас...
– Саған әрі қиын, әрі абыройлы бір тапсырма жүктеймін, лейтенант Мәденов.

– Орындауға дайынмын!
– Маңдай алдымызда көкпен таласқан зәулім үйді көріп тұрсың ба? «Империя кеңесі» деп аталатын фашистердің Рейхстагтан соңғы бір ордасы – осы. Ратуша дейтін еді ғой. Іші, тысы табан астына дейін жаудың мықты бір бекінісі. Осыған шабуылды бастап, жеңіс туын тігу – сенің взводуыңа жүктеледі. Шабуылды ілкі бастайтын да сенің взводуың... Тапсырманы орындау да, орындалған соң абыройы да бәрімізге ортақ. Ратушаға жеңіс туын тігуге өзге жұрт қанша таласып еді. Бұл үлес бізге бұйырды ақыры. Қимылда шапшаң, Мәденов. Бар, орында!...».



Берлиннің «Империя кеңесі» деп аталатын Рейхстагтан кейінгі ордасы Ратушаға бірінші болып өз взводумен кіруі, оны жаудан тазартудағы белсенді ерлік істері үшін арнайы таңдалып, Жеңіс туын тігуі – ерен тұлғаның даңқты ерлігі.

Кенжебай Мәденовтің туғанына 100 жыл және Ұлы Жеңістің 80 жыл толуына орай, ерлігі еленбеген қазақ батырына Мемлекеттің ең жоғарғы наградасы «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫН» беру лайықты деп білеміз. Сондай-ақ, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және Кенжебай Мәденовтің 100 жылдығына орай мектеп, колледж, университеттерде тәрбие сағаттары өткізілсе, ел аумағында батыр есімімен аталатын көшелер бекітілсе, ескерткіштер ашылса, әскери білім беру мектептерінің біріне «Кенжебай Мәденовтің» есімі берілсе, деректі фильм түсірілсе, құба-құп. Бұл жастарды отансүйгіштікке, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің маңызды қадамдары болар еді.

Кенжебай Мәденовтің ерлік дәстүрі өнеге болатыны сөзсіз. Біз ата-бабаларымыздың өнегелі ерлігін үнемі жадымызда ұстап, кейінгі ұрпақтарға үлгі еткен жағдайда ғана өз Отанын шексіз сүйіп, қорғау үшін жанын салатын азаматтарды тәрбиелейміз.

Абай ҚАБАҚБАЙҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
доценті, п.ғ.к

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 9 айға – 5520,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 9 айға – 11840,58 (қала), 7230,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 9 айға – 3540,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҒАСЫР ҚҰРДАСЫ

Тұрсын әжей:

Ұзақ өмір сүру – өз қолыңызда

Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева ауданның байырғы тұрғыны Тұрсын Қаламбаеваны арнайы құттықтап барды. 100 жасқа келсе де, қимылы ширақ әжей қонақтарды қуана қарсы алды.

Рая
ЕСКЕНДІР

– Е-е-е, айналайындар-ай, сендерді есік алдына шығып, қарсы алар едім. «Жер тайғақ, құлап қаласыз» деп мына балалар рұқсат бермей қойды. Қазір күн суық, тысқа шықпаймын. Әйтпесе, далада серуендеп, аяқпен жерді басқанға не жетсін! Әзірге сырттағы өмірді терезеден бақылап отырмын. Өзім көп жүргенді ұнатушы ем, кәрілік құрғыр жеңіп, үйдің ішінде ғана қимылдап қалдым. Дегенмен, үнемі қозғалыстамын. Бар жаңалықты теледидардан көріп-біліп отырмын, – дейді екі тілді жетік меңгерген ғасыр құрдасы.

Біз бұрын да Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесі өкілдерімен бірге Тұрсын әжейді құттықтай барғанбыз. Жады мықты әжей

сол сәтті есімізге салып, бір қуантып тастады. Тұрсын әжейдің айтуынша, ол кісі өмір бойы еңбек етіп, бір сәт бос отырмаған.

– Мен сонау жылғы аштықты да, бертіндегі тоқшылық заманды да көрген жанмын. Өткен өмірімді үлгі болсын деп айтып отырамын. Өмір бойы бір орында, мехкомбинатта жұмыс жасадым. Кейде осы адамның көп жасауы көңілден бе деп қалам. Жалпы, жаратылысым өзгеше, салмақты кісімін. Оның үстіне ұлым мен келінім бар дәмдіні аузыма тосып, әлпештеп отыр. Келінім Светлана Леонидовна өзге ұлт өкілі болса да, қазақтың салт-дәстүрін жетік біледі. Қас-қабағыма қарап отыр, – деген Тұрсын әжей өзіне жиі хабарласып отыратын Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шәкіроваға ризашылығын білдірді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

6-СЫНЫПТЫ БІТІРУШІ ЕР БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025–2026 оқу жылына Алматы қаласы Мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатына оқушыларды қабылдау жүргізіліп жатыр. Құжаттар bilemtihan.kz сайты арқылы онлайн түрде 12 сәуірге дейін қабылданады. Емтихан 11 мамыр күні I кезең бойынша өткізіледі. Толық мәліметті +7 707 327 8099 WhatsApp нөмірі арқылы ала аласыздар!

ТАРИФТІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«KBS Gaz» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №16-ОД бұйрығы негізінде тауарлық газды тасымалдауға **2458,11 теңге** көлемінде тариф бекітілгенін хабарлайды. 2025 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіле отырып, ҚҚС-сыз **1000 м³** үшін «Птицевод», «Болашақ», «Дружба», «Қарасу» шағынауданы объектілеріндегі тұтынушыларға газ тарату жүйелері үшін.

«Байсерке Агро» ЖШС келесі жобалар бойынша ашық жиналыстар түрінде тыңдаулар өткізеді:

• Атмосфераға зиянды заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері;

• Қалдықтарды басқару бағдарламасы;

• Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;

• Іс-шаралар жоспары.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 9 сәуірінде, сағат 12.00-де, мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Бейбітшілік көшесі, 14 В «№28 мектеп-гимназия» ғимаратында өтеді 43.479623, 77.042276.

Төтенше жағдайлар және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар **ZOOM** платформасы арқылы онлайн-режимде өткізіледі.

Zoom онлайн-конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/84756710488?pwd=XuNF7WSrjEC03C5shhU4olXbEKejr4.1>

Конференция идентификаторы: 847 5671 0488 **Құпия сөз: 616093**

Жоспарланған қызметті бастаушы: «Байсерке Агро» ЖШС, заңды мекенжайы: 041600, Қазақстан Республикасы, БИН 030440004785, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Қонаев көшесі, 1.

Жоба әзірлеушісі: «РНПИЦ «Казэкология» ЖШС, БИН 940740000129, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 27, телефон: +7 (727) 291-78-14, e-mail: kazecology.kz@gmail.com

Жобалық құжаттамамен **«Ecoportal.kz» бірыңғай экологиялық порталында** және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында танысуға болады **uprirp@mail.ru**.

«Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС қоршаған ортаға әсер ету туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде тыңдаулар өткізеді:

«Hyundai» жеңіл автомобиль шығаратын зауытты қайта жаңғырту бойынша жұмыс жобасы Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 11 сәуірде, сағат 11.00-де мына мекенжайда өтеді: Алматы қаласы, «Алғабас» ықшамауданы, №7 көше, 142/29 (Индустриалды аймақтың әкімшілік ғимараты) 43.322835, 76.807079.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар **ZOOM** платформасы арқылы онлайн-режимде өткізіледі.

Zoom онлайн-конференциясының сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/89121662742?pwd=efYilWYy8s3N68cGopbETkZW94TfAh.1>

Конференция идентификаторы: 891 2166 2742

Қол жеткізу коды: 3mdgQh

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС, заңды мекенжайы: 050053, Қазақстан Республикасы, БСН 180740014575, Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 138/5.

Жобаны әзірлеуші: «РНПИЦ Казэкология» ЖШС, БСН 940740000129, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 27, телефон: +7 (727) 291-78-14, e-mail: kazecology.kz@gmail.com.

Жобалық құжаттамалар топтамасымен **ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталында**, сондай-ақ Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында танысуға болады **uprirp@mail.ru**.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

www.aqshamnews.kz

[aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[@aqshamy_kz](https://www.telegram.com/aqshamy_kz)



РУХАНИЯТ

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР»

ӨНЕРДІҢ ДЕ ЖЫЛУЫ БАР

80 жастағы Маржан әжей қолөнермен айналысып жүр

Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына бір күнде 200-ден астам зейнеткер келеді. Оларға 40-тан астам қызмет түрі көрсетіледі. Орталық ашылғаннан бері осында келіп жүрген, тіпті екінші үйіндей болып кеткен қарттардың бірі – 80-дегі Маржан ӨТЕГЕНОВА.

Нұржамал
ӘЛІШ

Шәй үстінде

Маржан әжеймен жақынырақ танысуға барғанымызда, Орталықтың асханасында төрт-бес замандастарымен тәттімен шәй ішіп, өзара шүйіркелесіп отыр екен. Бізді жылы қарсы алды бәрі. Мекеменің емес, құдды үйдің асүйі секілді, жып-жылы, жайлы, жиһаздары да сәнді. Ыстық шәй бұрқырап қайнап тұр.

Әжей «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығындағы ең танымал қолөнер үйірмесінің тұрақты мүшесі. Орталыққа келген күні алдымен сурет үйірмесіне жазылған екен. Акварельмен сурет салуды үйрене бастайды. Жазған картиналарын жақсы күндердің белгісі ретінде сақтап жүр. Одан кейін Майса Ықыласова жетекшілік ететін қолөнер үйірмесіне көңілі ауды. Мұнда түрлі заттардан, моншақтардан, акрил жіптерден қызықты бейнелер, тұрмыстық заттар, кәдесыйлар, әшекей бұйымдар, тіпті жүннен, киізден қуыршақ жасауға да болады екен. Соған ықыласы оянды.

Қолөнер талғампаздықты қалайтын аса нәзік өнер ғой, Маржан апамыздың нәзік табиғаты да осы бір ұлттық өнермен үйлесім тапқандай.

«Бәріміз туыстаймыз»

– Үш баламнан сегіз немере сүйдім, үш шөберем бар. Балаларым өмірден өз орнын тапты.

Зейнетке шыққан кезде немерелеріме қарадым. Қазір олар да өсті. Әрқайсысының өз тіршілігі бар дегендей. Бірі сабақтан, енді бірі жұмыстан келгенше, үйде зерігіп, жалғызсырап отырмайын деп, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы туралы естіп, осында келген болатынмын. Қазір екінші үйіме айналып кетті. Бәріміз бір-бірімізге туысқандаймыз. Жаттығу залдарынан, үйірмелерден немесе музыка сабағында бірімізді көрмей қалсақ, не болып қалды екен деп алаңдаймыз, іздейміз.



(Суретті түсірген автор).

Осы өнер
мені
қат-
тықы-
зық-
тырды.

Мен зейнет демалысына шыққанға дейін есеп-қисап, қағаз жұмыстарымен айналыстым. Былай қарағанда, ресми жұмыс. Ал біреу келіп, кейін қолөнер сенің серігің болады десе, мүлдем сенбес едім. Жасыратыны жоқ, Кеңес үкіметі заманында өсіп-өндік, орысша білім алдық. Ол тұста қазақы киімдерге мән бермеппіз. Ал үңіліп қарасаңыз, мысалы, бойжеткеннің қамзолынан, жігіттің бөркінен, тіпті әжелердің кимешегінің өзінен бір бекзаттық байқалады.

Жаныма жылу сыйлайтын-дай», – дейді өткенге көз жүгірткен Маржан әжей.

Қолтаңба

Жүннен жасаған ең алғашқы жұмысы – екі қуыршақ. Оларға Ақан сері, Ақтоты деп ат қойған да өзі. Үстіндегі ұлттық киімдерінің түсіне дейін өзі таңдады. Неғұрлым қанық, ашық, жарқын болғанын қалады. Себебі, сол кездегі көңіл-күйі дәл сондай болған. Жігіт шапаны мен қыз қамзо-

лының етегіне түскен кішкентай оюларға да аса мән берді. Осы жұмысына барлық күшін, ықыласын, ниетін, сүйіспеншілігін арнады, тіпті көзінің майын тауысуға да бар еді. Сондықтан болар, «Ақан сері» мен «Ақтоты» бейнесі өте сәтті шыққан.

Маржан әжей одан кейін киізден жылы аяқкиім басты. Тіпті, жүннен жеміс-жидекті айнытпай жасап шықты. Қазір «Қыз қуу» тақырыбын қолға алды. Бұл қуыршақтары да әдемі шығатынына сенімді. Себебі, ол бекзат өнерді жүрегімен жақсы көреді.

«Алматылық зейнеткерлерге бос уақытын тиімді өткізсін, ауырма-сын, жалықпасын, жалғызсырамасын деп осындай заманауи орталық ашып берген Алматы әкімдігіне және өзінің шығармашылық жолын, дарынын, екінші тынысын ашқан Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына алғысымен шексіз», – дейді кейіпкеріміз.

ХҰСНИХАТ КӨРМЕСІ

құнды жәдігерлерді
елге таныстырды

Аумалы-төкпелі тарихи кезеңде қазақтың құнды жәдігерінің қаншамасы шетел асқаны бізге беймәлім. Бұл күнде руханият жаршыларының еңбегі арқылы сол мұралар қайта оралып, туған жұртымен қауышып жатқаны қуантады. Өткен аптада Алматыдағы «Ахмет үйінде» – А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде өткен хұснихат көрмесінде сондай жәдігерлердің бірқатары көрерменнің көзайымына айналды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Көрменің арқауы болған Қытайдағы қандасымыз, мұра жинаушы Сағатхан Қамзаұлының елге жеткізген жәдігерлері болды. Айтуынша, кейбір хұснихат үлгілері ғасырдан астам уақыт сақталып келген. Оның жеке қорында әлі де жарыққа шықпаған жүздеген мұраның бар екенін айтады. Мұның бәрі – қазақ тарихының бір бөлшегі, ұлттың жоғалуға шақ қалған асыл мұрасы екенін көрмеге қатысушылар терең сезінгендей болды.

Аталмыш көрме қазақ руханиятындағы айтулы оқиғалардың бірі – «Қазақ» газетінің 112 жылдығымен тұспа-тұс келді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділет АХМЕТҰЛЫ,
Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің ғылыми
қызметкері, алаштанушы:

«Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпбиді жалпы жұрт «төте жазу» деп біледі. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы осы жазуды ұлттық әліпби ретінде қалыптастырып, қазақ руханиятына үлкен жаңалық әкелді. Оған дейін қазақ халқы «шағатай» жазуын қолданған болатын. Төте жазу 1930 жылға дейін қолданыста болып, кейін Кеңес үкіметінің ықпалымен латын, одан кейін кириллицаға көшірілді. Соның нәтижесінде Қазақстанда бұл жазу біртіндеп ұмытылды. Алайда, Қытайға қоныс аударған қазақтар өз жазу дәстүрін сақтап, оны одан әрі дамытты. Төте жазуды меңгеру – бір бөлек, ал оны көркемдеп жазу – нағыз өнер. Бұл өнерді «хұснихат» деп атайды, ал ғылымда «каллиграфия» дейді.

Каллиграфия – адамзат мәдениетінің ортақ мұрасы. Бұл өнер Еуропаның рим, грек, латын жазуларында, Қытайдың дәстүрлі иероглифтерінде, әсіресе, араб мәдениетінде ерекше дамыған. Арабтар каллиграфияны қасиетті Құранды көркемдеу, мешіттерді безендіру үшін қолданса, қазақтар төте жазумен жазылған шығармаларды осындай жоғары көркемдік деңгейге көтере білді. Қытайдағы қазақтар бұл хаткерлік өнерді жоғалтпай, дамытып келді. Сол аймақтағы білім беру жүйесінде «Көркем жазу» сабағы енгізіліп, мықты жазушылар қалыптасты. Осылайша қазақтың төте жазуы Қытай қазақтарының арасында ғана емес, бүкіл түркі әлемінің құнды мұрасына айналды. Бүгінгі көрме – Қытайда жасалған осындай көркем туындылардың Қазақстанға оралғанының бір дәлелі.

